С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

# Қала урбанизациялық жүйе ретінде.Урбожүйе спецификалық қасиеттері,табиғи қасиеттері мен ерекшеліктері

Тексерген: Айтжанова.Г.М

Орындаған: Жақыбаева А.Н

Группа: ЖМ15-017-02

# Мазмұны:

- I. Кіріспе
- II. Негізгі бөлім
- 1) Урбанизация туралы жалпы түсінік
- 2) Субурбанизация
- 3) Қалалық шудың тұрғындар денсаулығына әсері
- 4) Қалалық атмосфераның тұрғындар денсаулығына әсері
- III. Қорытынды
- IV. Ұсыныстар



# Кіріспе

Қазіргі таңда адамның қоршаған ортамен өзара қатынасының күрделі және жиірек қарама-қарсылық сипаты ерекше мағыналы болып келеді. Қалалар мен қалалық тұрғындар санының өсуі-заңды үдеріс. Ол тұрғындар, өндірістік қаражаттар, қоғамдық байлық, өкімет пен мәдениеттің кеңістіктік шоғырлануы болып жатқан қалаларда өндірістік күштерді тиімді пайдалануда және кадрлық ресурстарды орынды пайдалануға мүмкіндік береді.

Қалалардың өсуі мен дамуы экологиялық-канализациялау, су өткізу торабы, жылумен қамтамасыз ету; өндірістік және қоғамдық білім беру мен денсаулық сақтау сияқты әлеуметтік-көлік пен байланыс, инфрақұрлымдардың өрістеуіне ықпал етеді.

Қалалық тұрғындар санының өсуі  адамзат өркениеті дамуының ажырамас бөлігі  болып табылады. 20-ғасырда млн тұрғыны бар қалалар саны 10 есе асты. Бұрынғы КСРО қарамағындағы болған біздің Республикада қалалық тұрғындар саны 1926жылы- 18,0%; 1940 жылы-33,0%; 1986 жылы-66,0% және 1989 жылы-51,0% құрады.

# II. Негізгі бөлім
# Урбанизация туралы жалпы түсінік







Урбанизация **(лат.urbus-қала,urbanius-қалалық)**-еңбек бөлінісінің қоғамдық және аумақтық тұрғыдан тарихи қалыптасуынан пайда болып, әлемнің әртүрлі елдері мен өңірлерінің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес дамитын әлеуметтік –экономикалық, демографиялық, географиялық секілді көп жақты қырлары бар күрделі құбылыс. Көне латын тіліндегі мағынасы «қалалық» деген ұғымды білдіреді. Яғни, қысқаша айтар болсақ, урбанизация, бұл-қала тіршілігі мен тұрмысы және мәдениетінің үстемдікке ие болуы.





# Субурбанизация

**Субурбанизация-**қала халқын қоныс аударту және қала орталығынан кәсіпорындарды қала маңына көшіру. Қала халқын шетке ығыстыру әсіресе 1960-80 жылдары Париж, Монреал, Осака, және Стокгольм қалаларында көп болды. Қолайсыз орта қала халқын шетке ығыстыру процесіне негізгі себепші болады. Кейде қала халқын шетке ығыстыру факторларының бірі — тұрғындардың көп қабатты үйден жеке жер үйге қоныс аударуға ұмтылуы болып саналады.



Қалалық шудың тұрғындар организміне әсері.

Адам организміне кері әсері бар және оның еңбектенуі мен демалуына кедергі жасайтын кез келген ұнамсыз немесе жағымсыз дыбыстар әрекеті-шу деп аталады.

Қалалық шу-өзекті мәселе, ол автомобиль қозғалысымен және жалпы көлікпен байланысты. Осылайша автомобиль көлігі зиянды химиялық факторды ғана генерация жасамайды, сонымен қатар физикалық фактор (шу) шығарады. Осы екі фактор қазіргі каланың тұрғыны организміне қолайсыз әрекетінің басым бөлігін анықтайды.

Қалалық шуылдың төрт негізгі түрлері бар; көліктік, өнеркәсіптік, кварталдық және пәтерлік.

# Шу адамға екі бағытта әрекет етеді:

спецификалық(шуға тән)

спецификалық емес(шуға тән емес, жалпылама).

- Сонымен қатар қалалық шу адамның жүйке жүйесіне де әсер етеді. Ғалымдардың зерттеулері бойынша қалалық шу ортасында үнемі жүретін адамдардың ашушаңдығы, тез қажитындығы байқалған. Айта кететін жайт, қалалық шу тек қана мұнымен тоқтамай, сонымен қатар мигрень, жүрек ауруларын өрбітетіндігі байқалған.




# Қалалық атмосфераның тұрғындар денсаулығына әсері



- Атмосфераның ластануы адам, жануарлар өсімдіктер үшін әрқашан зиян. Түтіннің құрамындағы газдар қолайсыз метеорологиялық жағдайда қалың улы тұмандардың түзілуіне әкеп соғады.

Зиянды улы заттардың жоғары концентрациясының атмосферада жинақталуы нәтижесінде смог деп аталатын тұмандар пайда болады.

Өндіріс орындарынан шыққан шыққан қалдықтар, транспорт түрлерінен шыққан газдар, түтін, ірі қалалардың үстінде пайда болатын түрлі шаңдар Күн сәулесінің Жер бетіне түгел түсуіне кедергі келтіреді. Мысалы, Париж қаласында өндіріс орындары аз аймақтарда ультракүлгін сәулелер 3% болса, завод фабрикалар орналасқан аймақта 0,3% қана болған. Ультракүлгін сәулелердің жетіспеушілігі балаларға авитаминоз және рахит ауруларын туғызады.

# Бұл Қазақстан қалаларының ластану көрсеткіштері





**Автотранспорт газдарының адам денсаулығына әсері (Х.Ф.Френч бойынша,1992)**

**Көміртек диоксиді**

Қанға оттегінің сіңірілуіне кедергі жасайды, ойлау қабілетін нашарлатады, рефлекстерді тежейді, ұйқы келтіріп, естен тану, өлімге әкеледі.



# Азот оксидтері

Организмнің жұқпалы ауруларға қарсы тұру қабілетін нашарлатады, өкпені қабындырып, бронхит пен пневмонияны тудырады.



Қан-тамыр, жүйке жүйелеріне, зәр шығару органдарына әсер етеді, балалардың ақыл-ой қабілетінің дамуын тежейді, сүйектер мен тканьдерде жинақталып ұзақ уақыт қауіп келтіреді



**Улы заттар(ауыр металдар)**

Рак ауруын тудырады, жыныс органдарының функциясын бұзады, жаңа туған балаларда түрлі дефектілердің пайда болуына себеп болады

# ІІІ. Қорытынды

Қазіргі таңда атмосфераның антропогендік ластануы басты мәселелердің бірі болып отыр. Осыған орай 1985жылы Торонто қаласында (Канада) болған халықаралық конференцияда бүкіләлемдік энергетика алдында 2005ж.қарай атмосфераны көміртек қосылыстарымен ластауды 20% азайту міндет етіп қойылды. 1977ж. Киотода (Жапония) болған БҰҰ конференциясында әлемнің бірқатар мемлекеттері Киото протоколына қол қойды, бұл халықаралық құжат бойынша 2008-2012 жылдар арасында атмосфераны ластайтын парниктік газдарды бақылауға алу жөнінде келісім жасалды. Адамзат қазіргі таңда атмосфераны ластаудың алдын алу үшін аянбай еңбектенуде.

# IV. Ұсыныстар

- Қазіргі таңда қала тұрғындары ешқандай ауруға ұшырамауы үшін ең алдымен салауатты өмір салтын ұстану керек.
- Таңертең таза ауада бой жазу жаттығуларын жасап, жүгіру арқылы біз жүрек қан-тамыры, буын, жүйке және т.б.көптеген аурулардың алдын алуға көмектеседі.



# Денсаулық туралы мақал - мәтелдер



1. Денсаулық – зор байлық.
Здоровье – клад бесценный.

2.Жарлының байлығы – дененің саулығы.
Богатство бедняка – его здоровье.

3.Ауру атанды да шөктірер.
Болезнь и верблюда – с ног валит.

4.Ауру кірді - әлек кірді.
Болезнь пришла – беда в дом вошла.

5.Ауру батпандап кіріп, мысқалдапшығады.
Болезнь входит батманами,
а выходит мискалями.

6.Ауру кісі күлкі сүймес,
Ауыр жүкті жылқы сүймес.
Больной не выносит смеха, конь –
тяжелую ношу.

7.Қотыр қолдан жұғады,
Таз тақиядан жұғады.
Болячки передаются через руки,
парша – через тюбетейку.

- Назарларыңызға рахмет!